

Ресми рецензент Г.О.Беркинбаеваның

«6D011900 – Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Байшымырова Айгерим Утегеновнаның «Ақпараттық-коммуникациялық ресурстар арқылы аудармашының кәсіби-негізделген құзыреттілігін қалыптастыру теориясы мен әдістемесі» тақырыбындағы диссертациясы туралы жазбаша пікірі

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Сәйкес келеді А.У.Байшымырованың диссертациялық жұмысының тақырыбы Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысына, Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Ж. Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына жолдауына, 2019-2021 жылы желтоқсанда Мемлекет басшысының халқына Жолдауында Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясына сәйкес келеді. Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді. Зерттеу «6D011900 – Шетел тілі: екі шетел тілі» бойынша аудармашы мамандарды дайындау бағытында жазылған.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды,	Диссертация ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы аудармашылардың

		ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	кәсіби-негізделген құзыреттілігін қалыптастыру мәселелерін зерттейді. Бұл Қазақстандағы цифрлық технологияларды дамыту және мамандарды даярлау бойынша мемлекеттік бағдарламалардың талаптарына жауап береді. Сонымен қатар, зерттеу заманауи аудармашылық қызмет саласындағы жаңа тәсілдерді енгізу арқылы аудармашы мамандарды даярлаудың әдістемесі ғылымына елеулі үлес қосады. Зерттеу жұмысының маңыздылығы ашылған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертациялық жұмыс мазмұнының тереңдігі мен өзі жазу принципі жоғары деңгейде орындалған. Зерттеуде келтірілген пайымдаулар, тұжырымдар, ғылыми пікірлер және ұсынылған қорытындылар диссертация авторының ғылыми ізденісінің нәтижелігін көрсетеді. Бұл зерттеудің ғылыми базасы кейінгі уақыттағы өзектілігін жоймаған, қазіргі ғылыми еңбектер мен зерттеулердің негізіне сүйенген.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация тақырыбының өзектілігі қазіргі заманғы жаһандану талаптарына, ақпараттық қоғамның қарқынды дамуына сәйкес кәсіби аудармашыларды даярлаудың жаңа әдістемелік негіздерін қарастырған. Аудармашыларды дайындаудағы құзыреттілікке негізделген оқу әдістеріне көшу әлемдік білім беру стандарттарына сәйкес болуды талап етеді. Оның себептері, біріншіден, заманауи талаптарға сай маман даярлау, яғни экономикалық, саяси және мәдениетаралық байланыстарды дамыту аудармашылардың тілдік, кәсіби және техникалық құзыреттіліктерінің қалыптасуын қажет етеді. Екіншіден, жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеу, Қазақстанның жоғары оқу орындарына жаңа кәсіби стандарттарға сәйкес білім беру бағдарламаларын бейімдеу міндеті

		<p>жүктелген. Бұл міндет «Атамекен» ҰКП-ның кәсіби стандарттарын енгізу және жұмыс берушілермен тығыз қарым-қатынасты нығайту арқылы жүзеге асырылатын болады. Үшіншіден, ақпараттық-коммуникациялық ресурстарды қолдану болашақ аудармашылардың ғылыми-зерттеу қызметін және кәсіби даму деңгейін көтеруге мүмкіндік береді.</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.</p>	<p>Аудармашыны шетел тілінде кәсіби даярлау үдерісінде ұсынылып отырған құзыреттілік құрылымының негізі ретінде ақпараттық-коммуникациялық ресурстарды қолдану ұсынылған. Бұл тәсіл оқу процесін заманауи технологиялармен ұштастырып, жаңа ақпаратты меңгеру мен кәсіби дамуды тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.</p>	<p>Диссертацияның мақсаты мен міндеттері өзара үйлесімді және зерттеу тақырыбына толық сәйкес келеді. Зерттеудің мақсаты ақпараттық-коммуникациялық ресурстарды қолдана отырып, аудармашының кәсіби-негізделген құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздерін айқындауға бағытталған. Анықталған мақсатқа жету үшін негізгі бес міндет белгіленген: аудармашының кәсіби-негізделген құзыреттілігінің мәні, мазмұны және құрылымын зерттеу; құрылымдық-функционалды модель әзірлеу; оқу-әдістемелік негіздерді айқындау; жаттығулар жүйесін әзірлеу және әдістемені сынақтан өткізу. Осы міндеттердің орындалуы зерттеу мақсатына қол жеткізуді қамтамасыз етіп, аудармашыларды даярлауда жаңа әдістемелік шешімдерді ұсынуға негіз бола алады.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан;</p>	<p>А.У.Байшымырованың диссертациясының барлық бөлімдері мен ғылыми ережелері өзара жүйелі түрде байланысқан. Әр бөлім зерттеудің жалпы мақсаты мен</p>

		<p>2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.</p>	<p>міндеттеріне сәйкес келіп, ғылыми материалдардың мазмұны мен құрылымдық элементтері арасында логикалық байланыс қамтамасыз етілген.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.</p>	<p>Диссертацияда ұсынылған жаңа шешімдер бұрыннан белгілі әдістермен және қағидаттармен салыстырылып, олардың артықшылықтары мен ерекшеліктері талдау арқылы бағаланған. Ізденуші ұсынған шешімдер өз жаңашылдығымен және интегративтілігімен ерекшеленеді. Дегенмен, кейбір шешімдер бұрыннан белгілі әдістердің практикалық тиімділігін дәлелдеу үшін қосымша талдау жасап, талдау құрылымын тереңдету ұсынылады.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Зерттеудің ғылыми нәтижелері толығымен жаңа және зерттеу тақырыбының өзектілігін толық ашатын жаңа ғылыми бағыттарды ұсынады. Ережелердің жаңашылдығы: кәсіби-негізделген құзыреттілік ұғымы анықталған; пәнаралық-модульдік интеграция, мәдениетаралық-коммуникативтік өзара әрекеттесу және аутенттілік ғылыми принциптеріне сүйенген кәсіби тұжырымдама әзірленген; құрылымдық-функционалды модель әзірленген; аудармашыларды даярлауға арналған интеграцияланған тезаурустық кәсіби концепт жасалған; жаттығулар жүйесі мен әдістеме әзірленген; ақпараттық коммуникациялық ресурстар аудармашылардың субкомпетенцияларын дамытудағы рөлі алғаш рет теориялық және практикалық тұрғыдан дәлелденген.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа деуге болады. Олар аудармашыларды даярлау үдерісін жетілдіруге бағытталған тың шешімдер ұсына отырып, ғылыми және практикалық құндылыққа ие, себебі зерттеуде ақпараттық</p>

		<p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>коммуникациялық ресурстардың (онлайн сөздіктер, арнайы бағдарламалар, білім беру платформалары, корпус-лингвистика) аудармашыларды даярлауда қолданылуының жаңа әдістері және жаттығулар жүйесі, кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын әдістемелік алгоритм ұсынылған. Аудармашыларды даярлауға арналған интеграцияланған тезаурустық кәсіби концепт тұжырымдалған.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертацияда ұсынылған техникалық, технологиялық, экономикалық және басқару шешімдері толығымен жаңа әрі негізделген. Мұны келесідей дәлелдермен негіздеуге болады: АҚР пайдалану оқу процесін оңтайландырып, шығындарды азайтуға мүмкіндік береді. Бұл технологиялар дәстүрлі оқыту әдістерімен салыстырғанда тиімділігі жоғары және студенттердің білім сапасын арттыруға бағытталған.</p>
<p>6. Негізгі қорытындылардың негізділігі</p>		<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолигатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).</p>	<p>Барлық негізгі қорытындылар ауқымды ғылыми дәлелдемелерге негізделген және сапалық зерттеулердің (qualitative research) әдіснамасына сәйкес келеді. Зерттеуде сапалық талдау әдістері қолданылған, оның ішінде: зерттеудің теориялық негіздерін әдебиетке шолу арқылы тереңдету; интеграцияланған тезаурустық кәсіби концептіні әзірлеу кезінде қолданылған аналитикалық тәсілдер; коммуникациялық ресурстарды пайдалану арқылы кәсіби-негізделген құзыреттілікті қалыптастырудың тиімділігін бағалау үшін нақты жағдайларды талдау. Диссертацияның қорытындылары аудармашыларды оқыту әдістемесін жетілдірудің жаңа бағыттарын ұсынады. Әсіресе, субкомпетенцияларды қалыптастыру және оларды АҚР</p>

			арқылы дамыту идеялары болашақ зерттеулер мен тәжірибелік қолдануда маңызды орын алады.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>Бірінші қағидат:</p> <p>7.1. Қорғауға ұсынылған «Аудармашының кәсіби-негізделген құзыреттілігі» ұғымы жан-жақты зерттеліп, оның мазмұны мен құрылымы ғылыми тұрғыдан дәлелденген. Зерттеуде қолданылған әдебиеттер теориялық тұжырымдардың нақтылығы мен дәлдігін көрсетеді. Әлемдік және отандық ғалымдардың еңбектері негізінде кәсіби құзыреттіліктің маңыздылығы мен оны қалыптастырудың қажеттілігі анықталған. Бұл ұғым аудармашының теориялық, процедуралық және интегративті білімдері мен қасиеттерін қамтып, нақты субкомпетенциялар, яғни когнитивті-ұғымдық субкомпетенция; кәсіби-коммуникативтік субкомпетенция; ақпаратты-іздеу субкомпетенция; операциялық-инструменталды субкомпетенциялары арқылы сипатталған</p> <p>7.2. Тривиалды емес.</p> <p>7.3. Ережелері жаңа.</p> <p>7.4. Қолдану деңгейі кең.</p> <p>7.5. Ізденушінің мына ғылыми мақаласында дәйектелген: «Peculiarities of the formation of professionally-based competence as a part of the professional training of future translators // Абылай хан атындағы қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, «Педагогика ғылымдары» сериясы, 2022. №2 (65). Р. 38-42</p> <p>Екінші қағидат:</p> <p>7.1 Жаттығулар мен тапсырмалар жүйесі арқылы ақпараттық-коммуникациялық ресурстардың (АҚР) студенттердің тілдік және кәсіби құзыреттіліктерін</p>

дамытудағы лингводидактикалық мүмкіндіктері көрселген. Бұл жүйе АҚР-ды тиімді қолдану арқылы болашақ аудармашылардың когнитивті-ұғымдық, кәсіби-коммуникативтік, ақпаратты-іздеу және операциялық-инструменталды субкомпетенцияларын қалыптастыруға ықпал ететінін дәлелдейді.

7.2 Тривиалды емес

7.3 Ережелері жаңа. Аудармашының кәсіби-негізделген құзыреттілігін дамытуға арналған жаттығулар мен тапсырмалар жүйесі әзірленіп, «Basic English for translators» атты электронды оқу құралы жасалынған.

7.4 Қолдану деңгейі кең.

7.5 Келесі мақалада дәлелденген – «To the issue of using infocommunication technologies in the formation of professional competence of translators» // ӘЛ-ФАРАБИ атындағы Қазақ ұлттық университеті хабаршы «Педагогикалық ғылымдар» сериясы, 2019. №1 (58).

13-2166.ISSN 2520-2634

Үшінші қағидат:

7.1 Диссертацияда болашақ аудармашының кәсіби-негізделген құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған авторлық модель ұсынылған. Бұл модель кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға арналған заманауи, ғылыми негізделген тәсілдерді біріктіріп, теориялық және әдістемелік тұрғыдан толық дәлелденген.

7.2 Тривиалды емес.

7.3 Алынған нәтиже жаңа деп есептеледі. Авторлық модельдің тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік зерттеу барысында тексеріліп, нәтижелерін аудармашыларды даярлау үдерісінде қолдануға болатынын дәйектеген.

7.4 Қолдану деңгейі кең.

7.5 Келесі мақалада дәлелденген - «Концептуально- методологические основы проектирования модели формирования профессионально-базированной компетенции будущего

переводчика» // «Білім Берудегі Менеджмент», «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» республикалық институтының ақпарат-әдістемелік хабаршысы. 2021. №1 (100). Б. 77-80, ISSN 2226 – 1176

Төртінші қағидат:

7.1 Болашақ аудармашыларды даярлауға арналған интеграцияланған тезаурыстық кәсіби концепт білім беру үдерісінде пәнаралық және модульдік тәсілдер негізінде кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруды көздейді және ізденуші пәнаралық байланысты нығайтуға баса назар аударған. Бұл тәсіл студенттердің әртүрлі пәндерден алған білімдерін біріктіріп, кәсіби контексте қолдану қабілеттерін дамытуға ықпал ете алады.

7.2 Тривиалды емес.

7.3 Алынған нәтижелер жаңа болып саналады

7.4 Қолдану деңгейі кең.

7.5 Келесі мақалада дәлелденген – «Investigating of Information and Communication Technology (ICT) Skills and Professionally-based Competencies of Translator Candidates» // International Journal of Education in Mathematics, Science, and Technology (IJEMST). 10(4). P. 894-917. <https://doi.org/10.46328/ijemst.2647>

Бесінші және алтыншы қағидат:

7.1 Ұсынылған әдістемелік алгоритм және оған негізделген жаттығулар мен тапсырмалар жүйесі қорғауға шығарылған негізгі ережелерді толық дәйектейді. Бұл жүйе кәсіби-негізделген құзыреттілікті қалыптастырып, әдістемелік алгоритм кезеңдерін анықтап, оларды жүзеге асыру жолдарын ұсынып, оның тиімділігін теориялық және практикалық тұрғыдан растаған.

7.2 Тривиалды емес

7.3 Әдістемелік алгоритмнің тиімділігі арнайы анықталған

			<p>критерийлер мен көрсеткіштер арқылы бағаланып, оқу нәтижелерінің объективті өлшенуін қамтамасыз еткен. Алгоритмнің тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік зерттеу арқылы дәлелденген.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең.</p> <p>7.5 Келесі мақала растайды— «Болашақ аудармашының кәсіби-негізделген құзыретінің компоненттік құрамының тұжырымдамалық мәні мен сипаттамасы» // Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігі Шоқан Уәлиханов атындағы көкшетау университеті ҚР ғжбмғк Ахмет Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институты «Сөйлеу мен тілдегі сөз: Филология ғылымындағы қазіргі зерттеу» атты VII Халықаралық ғылыми-практикалық конференция ISBN 978-601-261-551-7, УДК 80/81 ББК81.2 Кокшетау, 2023- Б. 272-277</p>
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ.</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Диссертацияда шеттілдік білім беру жүйесінде аудармашының кәсіби-негізделген құзыреттілігін қалыптастыру теориясы мен оны жүзеге асыру әдістемесі жан-жақты талданып, әдіснамалық тұрғыдан ашып жазылған. Бұл зерттеудің ғылыми негізділігін және әдіснамалық сенімділігін көрсетеді.</p> <p>Диссертацияның нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы, сондай-ақ заманауи ғылыми зерттеу әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелері негізінде алынған: Зерттеуде кәсіби-негізделген құзыреттілік ұғымының теориялық негіздемесі жасалып, оның құрылымдық элементтері анықталған.</p> <p>Эмпирикалық әдістер: Зерттеу барысында алынған деректерді өңдеу және интерпретациялау үшін диагностикалық бақылау, модельдеу, эксперимент жүргізілген. Ақпараттық-</p>

		<p>коммуникациялық ресурстар (онлайн платформалар, дерекқорлар, тілдік корпустар және т.б.) аудармашылардың кәсіби-негізделген құзыреттілігін қалыптастыруда қолданылған. Бұл құралдар ғылыми зерттеудің әдіснамалық тұрғыда жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын көрсетеді. АҚР-ды пайдалану арқылы аудармашыларды даярлау үшін арнайы жаттығулар жүйесі мен оқу модульдері жасалған.</p>
	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ.</p>	<p>Диссертациядағы теориялық қорытындылар тәжірибелік-эксперименттік алаңы болған Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық Қатынастар және Әлем Тілдері Университетінің «6В02301 –Аударма ісі» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын 2-курс студенттерімен сәтті тексерілген. Эксперимент нәтижелері әдістемелік бөлімде жан-жақты талданып, жұмыстың теориялық және тәжірибелік негіздерінің өзара үйлесімді екенін дәлелдеді.</p>
	<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.</p>	<p>Диссертациядағы маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Мәлімдемелер жұмыстың басында көрсетілген нормативтік-құқықтық құжаттар мен отандық және шетелдік ғылыми дереккөздерге негізделіп, толық дәлелді сипатқа ие.</p>
	<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.</p>	<p>Диссертацияда 153 әдебиет пайдаланылған, бұл көлем зерттеу тақырыбы бойынша жан-жақты әдеби шолу жасау үшін жеткілікті деп саналады. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі отандық және шетелдік ғылыми еңбектерді, сондай-ақ интернет ресурстарынан алынған сенімді дереккөздерді қамған. Бұл зерттеудің ғылыми негіздерін күшейтіп және оның халықаралық деңгейдегі ғылыми</p>

			дискурспен байланысты екенін көрсетеді.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ.	Ұсынылған әдістердің теориялық негіздері заманауи ғылыми зерттеулер мен қолданыстағы кәсіби стандарттарға сәйкес келеді. Аудармашының «кәсіби-негізделген құзыреттілігі» ұғымының мәнін, мазмұнын және құрылымдық ерекшеліктерін айқындап, кәсіби құзыреттіліктің негізгі элементтерін теориялық тұрғыдан түсінуге бағытталған.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ.	Диссертацияның практикалық маңызы зор, ал алынған нәтижелерді оқу үдерісіне енгізу арқылы аудармашыларды даярлаудың тиімділігін арттыруға болады. Өзірленген әдістеме, диагностикалық құралдар және «Basic English For Translators» электрондық оқу құралы студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырып, білім беру мен кәсіби даярлық жүйесінде нақты нәтижелерді көрсетті. Алынған нәтижелерді оқу орындарында, тілдік орталықтарда, аударма компанияларында және білім беру саласының өзге де бағыттарында қолдану мүмкіндігі жоғары
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа және аудармашылардың кәсіби даярлығын жетілдірудің инновациялық тәсілдерін ұсынады. Ұсынылған әдістемелік шешімдер АҚР негізінде алынған зерттеу нәтижелерімен және әлемдік тәжірибелермен расталған. Пәнаралық оқытуды, электрондық оқу құралдарын және АҚР-дың тиімділігін қамтитын ұсыныстар заманауи білім беру үдерісіне бейімделген.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Кейбір тұжырымдарды жүйелі түрде құрылымдау және докторанттың ғылыми тілде ойды жеткізу шеберлігін дамыту, академиялық жазу стилін жетілдіру арқылы зерттеу

		жұмысының мазмұнын одан әрі жақсартуға болады. Бұл ұсыныс диссертацияның жалпы сапасына әсер етпейді, дегенмен ғылыми жұмыстың академиялық деңгейін бір сатыға жоғарылатады.
11.	Диссертацияға ескертулер	<p>1. Экспериментке қатысқан студенттердің саны жеткілікті болғанымен, әртүрлі курстардағы немесе басқа оқу орындарындағы студенттерді де қамту зерттеудің нәтижелігін көрсетер еді.</p> <p>2. «Basic English for Translators» электрондық оқу құралы туралы қолданушылардың пікірлерін қосу пайдалы болар еді.</p> <p>3. Теориялық бөлімнің мазмұн күрделілігіне байланысты мәтінді түсіну қиындық туғызады. Қысқа және нақты сөйлем құрылымын қолдану ғылыми мазмұнды қабылдауды жеңілдетер еді.</p>
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	<p>Докторанттың мақалалары зерттеу тақырыбына толықтай сәйкес келеді. Олар диссертацияның негізгі мәселелерін ашып көрсетіп, ғылыми нәтижелер мен ұсыныстарды нақты әрі дәйекті түрде баяндаған. Мақалалар ғылыми талаптарға сай жазылған. Олардың мазмұны зерттеудің теориялық және тәжірибелік тұстарын талдап көрсеткен. Жаңа әдістемелік шешімдерді ұсынып, ақпараттық-коммуникациялық ресурстарды қолдану арқылы аудармашылардың кәсіби-негізделген құзыреттілігін қалыптастырудың тиімділігін анықтаған.</p>
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	<p>«6D011900 – Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Байшымырова Айгерим Утегеновнаның «Ақпараттық-коммуникациялық ресурстар арқылы аудармашының кәсіби-негізделген құзыреттілігін қалыптастыру теориясы мен</p>

		<p>әдістемесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы толық аяқталған, тың теориялық тұжырымдар жасалған, білім беру саласында практикалық маңызы зор еңбек. Жұмыстың нәтижелерін білім беру үдерісінде қолдануға болады. Ұсынылған әдістемелер мен жаттығулар жүйесі аудармашыларды даярлау бағдарламаларын жетілдіруге және олардың кәсіби дағдыларын дамытуға үлес қоса алады. Зерттеу жұмысы «Ғылыми дәрежелер беру қағидаларына» толық сәйкес орындалған. Диссертация мазмұны, құрылымы және ғылыми нәтижелердің негіздемесі жоғары ғылыми стандарттарға жауап береді. Сондықтан Байшымырова Айгерим Утегеновнаға «6D011900 – Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша философия докторы дәрежесін беру үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсыныс жасау туралы шешімді қолдаймын.</p>
--	--	---

Ресми рецензент:

Алматы менеджмент университеті

School of Transformative Humanities, PhD

g.berkinbayeva@gmail.com

  Г.О.Беркинбаева